



**БҰЙРЫҚ**

31.08.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 50-Н/У

город Нур-Султан

**Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге  
үміткер адамдардың білім деңгейін бағалау  
үшін тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы**

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС Жарғысының 39-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау бойынша біліктілік емтихандарын өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білім деңгейін бағалау үшін тестілеуді өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор

**С. Кенжеболат**

**Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың  
білім деңгейін бағалау үшін тестілеуді өткізу  
қағидалары**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білім деңгейін бағалау үшін тестілеуді өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы №22-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың компьютерлік тестілеуді тапсыру шарттары мен тәртібін айқындайды.

3. Тестілеу «Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) оқу залында электрондық форматта өткізіледі.

4. Қатысушы – мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге сертификаттау пәндері бойынша білімді растау рәсімінен өту үшін білімді растау жөніндегі ұйымға өтінім берген тұлға.

**Компьютерлік тестілеуге тіркелу және рұқсат беру**

5. Қоғамның тестілеу залдары орналасқан, оның ішінде өңірлік филиалдарында орналасқан ғимаратқа кіру Ashyq қосымшасы арқылы «Жасыл» немесе «Көк» мәртебесі болған жағдайда жүзеге асырылады.

6. Қоғамның талаптарына сәйкес ұялы телефондарды және басқа да мобильді байланыс құралдарын кіргізуге тыйым салынады.

7. Тестілеуге тіркелу тестілеу басталғанға дейін 5 минут қалғанда аяқталады.

8. Тестілеуге тіркелу жеке басты сәйкестендіру нөмірі бар ҚР азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде жүзеге асырылады.

9. Компьютерлік тестілеуді тапсыру кезінде бейнежазба жүргізіледі, Қатысушы бұл туралы хабардар етілуі тиіс және Қатысушыдан бейнежазбаны одан әрі өңдеуге келісім алынуы тиіс.

10. Тестілеуден өту жөніндегі нұсқаулық компьютерде орналастырылады және Қатысушыны міндетті түрде таныстыруға тиіс. Бұл ретте Қатысушы Қоғам қызметкерінен тестілеуден өту жөнінде туындаған мәселелерді нақтылауға құқылы.

11. Қатысушыны суретке түсіру компьютерге қосылған кіріктірілген камералар немесе веб-камералар арқылы жүзеге асырылады.

12. Суретке түсіру Қатысушының жеке басын сәйкестендіру мақсатында және фотосуретті тестілеу нәтижелеріне орналастыру үшін жүзеге асырылады.

### **Компьютерлік тестілеу рәсімі**

13. 5 пән бойынша тестілеудің жалпы уақыты 180 минуттан аспайды, бұл ретте сертификаттаудың әрбір пәніне нұсқаманы өткізуге арналған уақытты қоспағанда, 36 минуттан аспайтын уақыт бөлінеді.

14. Емтихан нұсқасы әр сертификаттау пәні бойынша 32 сұрақтан, барлық 5 сертификаттау пәні бойынша 160 сұрақтан тұрады.

15. Емтихан тапсыру үшін жалпы жиынтық (және сертификаттаудың әрбір пәні бойынша) балл («өту» балы) ықтимал 100 (жүз) сұрақтың 75 балын, яғни әрбір пән бойынша 32 сұраққа кемінде 24 дұрыс жауапты немесе сертификаттаудың барлық 5 пәні бойынша 160 сұраққа кемінде 120 дұрыс жауапты құрайды.

16. Қатысушы сертификаттау пәндері бойынша тапсырмаларды өз бетінше орындайды.

17. Бөлінген уақыт өткеннен кейін тестілеу автоматты түрде аяқталады.

18. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік тестілеу бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүзеге асырылады.

19. Тестілеу нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін бірден беріледі.

20. Тестілеу нәтижесінде сертификаттау пәндері бойынша дұрыс жауаптың жетпіс бес пайызынан кем алған Қатысушы тестілеуден өтпеген болып есептеледі және оған тестілеуді қайта тапсыруға үш айдан кейін рұқсат беріледі.

21. Ережені бұзу туралы акт жасалған Қатысушының бұзушылық анықталған күннен бастап 6 ай өткен соң емтиханды қайта тапсыруға құқығы бар.

22. Тестілеу кезінде мынадай шектеулер қойылады:

- нормативтік құқықтық актілерді, дәріс кешендерін, оқу құралдарын, анықтамалық және өзге де әдебиеттерді пайдаланбау;
- қатысушылар арасында қандай да бір келіссөздер жүргізбеу;
- кез келген материалдармен алмаспау, басқа қатысушыларды алаңдатпау;
- аудиториядан себепсіз шықпау.

23. Тестілеудің кез келген кезеңінде Қағидалар талаптары бұзылған жағдайда қатысушы аудиториядан шығарылады және бұзушылық фактісі бойынша Қағидаларды бұзу актісі жасалады.

Тестілеу нәтижелерінің күші жойылады, Қатысушы тестілеуді тапсырмаған болып есептеледі.

### **Қатысушының құқықтары мен міндеттері**

24. Қатысушы тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда тестілеу қорытындысы бойынша Апелляциялық комиссияға жүгінуге құқылы.

25. Қатысушы электрондық тестілеу басталғанға дейін тестілеуді тапсыру тәртібі туралы нұсқамадан өтуге міндетті.

26. Қатысушы осы Қағидалардың талаптарын сақтауға міндетті.